

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 15-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 желтоқсанда № 5005 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 38-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 30.09.2020 № 38-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4643 тіркелген, 2017 жылғы 12 қаңтарда "Орал өңірі" газетінде жарияланған), мынадай толықтырулар енгізілсін:

азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен қосымша берілетін дәрілік заттар мен мамандандырылған емдік өнімдер мынадай редакциядағы 6,7,8 тармақтармен толықтырылсын:

№	Аурулар	Халық санаты	Дәрілік затты тағайындау үшін айғақтар дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттың атауы (шығару нысаны)
				Декспантенол аэрозоль, сыртқа қолдануға арналған крем, жақпамай, көз гелі,

6.	Буллездік эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	аллантаин кремі, диацереина капсулалар, ортатізбелі триглицеридтер негізіндегі арнаулы емдік өнімдер, құрамында дәрі бар зарарсыз таңғыш, зарарсыз бактерияға қарсы атравматикалық сіңгіш таңғыштар, дәке (жоғарысозымды бекіткіш, торлы, мақталы синтетикалық), силиконды жабыстырғыш, қорғаныш крем, көбік, гель, бальзам, құрамында дәрі бар жақпамай , эммолиенттер, антисептиктер, зарарсыз мақталы д и с к і л е р , зарарсыз инелер апирогенді, майлықтар (зарарсыз, ылғалды гигиеналық)
7.	Анкилозирлеуші спондиартрит (Бехтерев ауруы)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Инъекцияға арналған голимумаб ерітінді
8.	Онкология	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Таргетті емге сезімтал дәрежесіне байланысты емес қауіпті ісік	Вемурафениб таблеткалар, кобиметиниб таблеткалар

2. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

М.Байжанов

М. Құлшар